

ӘОЖ: 636.22/28.658.336.3

Джуланов М.Н., Туребеков О.Т., Хизат С., Омарбекова Г.Қ., Шманов Ғ.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

БИЕНІҢ АНАЛЫҚ ЖЫНЫС БЕЗІНДЕГІ КҮЛДІРЕУІКТІ БАЛАУ

Аңдатпа

Мақалада биелердің бедеу қалуының себептерінің бірі болып табылатын жұмыртқалықтың күлдіреуігі туралы деректер берілген. Жұмыстың авторларының айтуы бойынша асыл тұқымды биелердің арасында аналық жыныс безінің күлдіреуігі гинекологиялық аурулардың басым бөлігін құрайды (42,8%).

Мақалада аналық жыныс безінің күлдіреуігін ультрадыбыстық балау нәтижесінде алынған мәліметтер келтіріліп ғылыми тұрғыдан талқыланды. Берілген деректер бойынша келесі қорытындылар көрсетілген: жұмыртқалықтың күлдіреуігін дер кезінде анықтау бедеуліктің алдын алудағы негізгі іс-шаралар болып табылады, экономикалық шығынды барынша азайтады; аналық жыныс безінің күлдіреуігі ультрадыбыстық зерттеумен анықталған болса қайтлап, арасына уақыт салып, тексерудің қажеті жоқ. Қалыптасып қалған күлдіреуікті қайта тексеру тек уақыты босқа кетірумен қатар ауруды асқындырып жіберуге жағдай туғызады.

Кілт сөздер: аналық жыныс безі, күлдіреуік, биелер, ультрадыбыстық зерттеу.

Кіріспе

Қазіргі таңда мемлекеттің ауыл шаруашылығына баса мән беріп, қолдауының арқасында мал шаруашылығы, оның ішінде асыл тұқымды жылқы шаруашылығы елімізде қарқынды дамып келеді. Осыған байланысты жаңадан құрылған шаруашылықтар бүгінгі күні өнім алу жағынан жақсы көрсеткіштерге ие болғаны баршамызға белгілі.

Асыл тұқымды жылқыларды спорттық мақсатта қолданып қана қоймай, олардан сапалы төл алу малшаруашылығының маңызды шараларына айналды, алыс шетелдерден жылқыларды елімізге тасып әкелгеннен көрі, қолда бар жылқылардан селекция жолдарымен төл алу экономикалық жағынан тиімді болатындығы дәлелденген [1, 2].

Клиникалық ветеринарияның жетістіктерінің бірі малдың ішкі мүшелерін, соның ішінде жыныс аппаратын ультрадыбыстық зерттеулер болып табылады. Бүгінгі таңда жергілікті жылқыларға қарағанда асыл тұқымды жылқылардың жыныс мүшелерінде көптеген патологиялар жиі кездеседі. Бірқатар отандық ғалымдарының ақпараты бойынша асыл тұқымды биелердің жыныс патологияларының ішінде негізгісі аналық жыныс безінің аурулары болып есептеледі. Аталған патологиялардың қатарында аналық жыныс безінің функционалдық қызметі бұзылуы жиі кездеседі, атап айтқанда: гипофункция (42,3%), персистенттік сары дене (34,6%) және аналық жыныс безінің күлдіреуігі (23,1%) [3, 4].

Ғалымдардың зерттеу жұмыстарының нәтижелеріне сүйене отырып, жұмыртқалық ауыруларының пайда болу себептерінің бірі биелерді дұрыс пайдаланбау, азықтандырмау, серуеннің аз болуы, күйіттеуші аталықтармен жұмыс жасалмауы себебінен болады. Жоғарыда келтірілген себептердің салдарынан жалпы организмге әсер ететін жыныс гормондарының тепе-теңдігі бұзылып, соны жұмыртқалықтың түрлі ауруларының және қызметінің бұзылуына әкеліп соқтырады [5, 6].

Әдебиеттегі көрсетілген мәліметтерге сүйенсек, жұмыртқалықтың күлдіреуігі биелердің уақытында ұрықтанбай қалып, төл алу көрсеткішін айтарлықтай төмендетеді. Асыл тұқымды жылқыларды бағып-күтуге кететін шығын көлемі жай жылқыларға қарағанда анағұрлым жоғары болады [7, 8].

Биелердің аналық жыныс безіндегі күлдіреуікті ерте анықтау және емдеу шараларын дер кезінде қолданудың маңыздылығы жоғары болғандықтан біз өз жұмысымызды осы бағытта жүргіздік. Осы тұрғыдан алғанда келесі міндет қойдық - Алматы облысындағы бірнеше жылқы шаруашылықтарда бедеу биелердің аналық жыныс безін ультрадыбыстық аппаратпен тексеріп, күлдіреуіктердің түрлерін және олардың таралуын анықтау.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеу жұмыстары Алматы облысы Көкбастау кентінде орналасқан жылқы шаруашылықтарында, «Ахал-Теке» асылтұқымды жылқы шаруашылығында, «Байсерке-Агро» ЖШС 35 Ағылшын, Араб және Ахалтеке тұқымдас бедеу биелерге жүргізілді. Зерттелген мал тобы үш және алты ай уақыт аралығында күйге келіп табиғи шағылысудан соң буаз бола алмай қалған биелерден құрылды.

Биелерді зерттеу үшін арнайы әдістермен қатар АҚШ-та жасалған PU-2200V маркалы ультрадыбыстық зерттеулерге арналған аппараты пайдаланылды, биелерды арасына 15 күн салып екі қайта тексеруден өткіздік.

Зерттеу нәтижелері және оларды талдау

Біздің зерттеу жұмыстарымыз бойынша екі рет, арасына екі тәулік салып тексерілген 35 биенің 42,8 пайызында аналық жыныс безінің күлдіреуігі анықталды (15 биеде).

Зерттеу барысында біздің байқағанымыз – көптен бедеу болып жүрген биелерде аналық жыныс бездерінде күлдіреуіктер әр түрлі көлемде болды, сондықтан күлдіреуіктерді үш түрге бөлдік. Бірінші түрде кіші күлдіреуіктер, олардың көлемі 5 мм ден 20 мм дейін болды, екінші түрге орташа күлдіреуіктерді - көлемі 21-35 мм дейін болды, ал үшінші түрге - ірі күлдіректер - 36 мм көлемінен жоғары болғандарын есепке алдық.

Жұмыс нәтижесінде күлдіреуіктердің таралу пайызы анықталды. Жыныс безінің патологиясына жиі шалдығу - жаз айында туған биелерде кездесті. Аналық жыныс безінің күлдіреуігі 6-8 жасар биелерде анықталды. УДЗ зерттеу нәтижелері төмендегі суреттерде көрсетілген.

Біздің жүргізген зерттеулерімізде 35 биенің 26,6 пайызында жұмыртқалықтарында ірі күлдіреуіктер (4 бие), 33,3 пайызында - орташа көлемді күлдіреуіктер (5 бие), ал 40 пайызында кіші күлдіректер басым болды (6 бие).

Бие аналық жыныс безіндегі күлдіреуіктерді ультрадыбыстық зерттеу арқылы тескергенде ұсақ күлдіреуіктердің қабырғалары жарылып, үлкен күлдіреуіктерге айналғаны көрінеді. Бұндай көрініс барлық төрт суреттерде байқалады.

Бірінші суретте көрсетілген 1, 2, 3, 4 өлшемдер ұсақ күлдіреуіктерді сипаттайды. Бұнда бірінші өлшем 13,8 мм, екінші - 9,19 мм, үшінші - 8,16 мм, төртінші - 11,5 мм құрады. Бұл суретте орта және үлкен күлдіреуіктер анық көрініп тұр.

Екінші суретте келесі көрініс байқалады - аналық жыныс безінде үш күлдіреуіктердің (19,8мм, 9,1мм, 11,5мм) қабырғалары жұқарып, жойылып, жалпы бір орта мөлшерлі күлдіреуікке айналғаны анықталды (23,1мм).


Үшінші суретте кіші және орташа күлдіреуіктер байқалды. Кіші күлдіреуікте бірінші өлшемі бойынша 12,1мм – екінші өлшемі бойынша - 6,5мм көлем анықталды. Осы сурет бойынша күлдіреуіктің қабырғасы атрофия үрдісіне ұшырағаны белгіленді. Осындай үрдіскеке жоғары орналасқан күлдіреуіктерде ұшырап жатқаны байқалды.

Аталған өзгерістер төртінші суретте жақсы көрінеді. Орташа көлемдегі күлдіреуік - 22,7мм және 23мм көлемінде болды. Бұл суретте ірі күлдіреуіктер де кездеседі.


Көрсетілген суреттер бойынша аналық жыныс безінде күлдіреуіктері бар биелерде күйлеу феномены байқалмаған. Керісінше бұл биелерде анафродезия құбылысы орын алды, осыған байланысты шаруашылық мамандары биелерді буаз деп санап, олардан құлын алуды жоспарлап жүрген.

Зерттеу кезінде байқалған аналық жыныс безіндегі күлдіреуіктер жыныс мүшелерінің қызметін бұзып қана қоймай бедеулікке соқтырады. Сондықтан ұрғашы


малдарда аналық жыныс безінің күлдіреуігін дер кезінде анықтау бедеуліктің алдын алу болып табылады және экономикалық шығынды барынша азайтуға мүмкіндік туғызады.




А



Б



В



Г

Сурет 1- Ультрадыбыстық зерттеу барысында түсірілген аналық жыныс безінің күлдіреуігі.

Ультрадыбыстық зерттеу арқылы аналық жыныс безінің күлдіреуігін анықтағанда қосымша қайта, арасына уақыт салып тексерудің қажеті керек емес. Себебі қайта тексеру үшін қосымша уақыт кетеді, ауру асқына бастайды және жатырдың кілегей қабатында патологиялық өзгерістер пайда бола бастайды. Бұның бәрі бедеуліктің таралуына әкеледі.

Қорытынды

Бүгінгі күнде асыл тұқымды биелердің арасында жұмыртқалықтың күлдіреуігі гинекологиялық аурулардың басым бөлігін құрайды (42,8%). Ультрадыбыстық зерттеу жүргізу кезінде жұмыртқалықта әр түрлі көлемде күлдіреуіктер байқалады. Бұндай күлдіреуіктер толығымен жыныс аппаратының қызметін бұзып бедеулікті туғызады. Сондықтан жұмыртқалықтың күлдіреуігін дер кезінде анықтау бедеуліктің алдын алуы болып табылады және экономикалық шығынды барынша азайтуға мүмкіншілік береді.

Егерде ультрадыбыстық зерттеу кезінде аналық жыныс безінің күлдіреуігі анықталған болса қайта екінші рет, арасына уақыт салып тексерудің қажеті жоқ теп санаймыз. Қайта тексеру тек уақытты алып, ауруды асқындыруға жағдай туғызады.

Әдебиеттер

1. Севастьянова С., Джуланов М.Н., Наметов А.М., Иманбаев А.А. К вопросу профилактики бесплодия среди спортивных лошадей //Материалы 2-й научно-практ. конф. молодых ученых и аспирантов КазГАУ, Алматы, 1997. – С.54-57.
2. Джуланов М.Н., Байсуанова З.К., Джуланова Н.М. Распространенность и причины нарушения репродуктивной функции ремонтных кобыл//«Агроөнеркәсіп кешенінің индустриалды-инновациялық дамуы: жағдайы мен келешегі»//ҚазҰАУ 80 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. 2 бөлім. Алматы, 2010. - С. 218-222.
3. Дюсекенова Н., Джуланова Н.М. Ультразвуковая диагностика патологии гениталий у кобыл //Ветеринария 2012№2 (24). - С.51-54.
4. Джуланова Н.М. Бие буаздығын ультрадыбыспен анықтау//Сборник статей XIII научно-студенческой конференции 17-18 март 2009 . – С. 22-25.
5. Джуланов М.Н., Байсуанова З.К., Койбагаров К.У., Волков В.И., Джуланова Н.М., Усенбеков У.С.. «Способ профилактики функциональных нарушений яичников у холостых кобыл». Инновационный патент №24057. Астана, 2011. 4с.
6. Джуланова Н.М., Байсуанова З.К., Джуланов М.Н., Маутенбаев А.А. Акушерлік тәжірибеде заманауи зерттеу және емдеу әдістерінің пайдалану. //Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетінің хабаршысы 2009. №3 (47) –Б. 198-202.
7. Лебедева, Л.Ф. Подготовка кобыл и жеребцов к случному сезону / Л.Ф.Лебедева // Актуальные вопросы ветеринарной медицины / Новосиб. гос. аграр. ун-т. - Новосибирск, 2005. - С. 221-222.
8. Gastal E.L., Gastal M.O., Ginther O.J. Seratet granulosa and other discrete ultrasound in dicators of impending ovulation in the mare, J. Equine vet. sci. 2005. 26:67-73.
9. Allen W.R., Wilsher S., Morris L., et al: Re-establishment of oviduct al patency and fertility in infertile mares// Proc 9th int symp equine. Repord animal Reprod Sci. 2006. 94:242-243.

Джуланов М.Н., Туребеков О.Т., Хизат С., Омарбекова Г.Қ., Шманов Г.

ДИАГНОСТИКА КИСТ ЯИЧНИКОВ У КОБЫЛЫ

Аннотация

В статье приводятся данные по распространенности кист яичников у бесплодных кобыл (42,8%). Авторы статьи указывают, что одной из причин бесплодия у кобыл являются патологии яичников. Для диагностики данной патологии проводились ультразвуковые исследования у кобыл. Приведены снимки ультразвукового исследования и описаны морфологические особенности различных кист. По результатам исследования были даны заключения.

Ключевые слова: яичники, киста, кобыла, ультразвуковое исследование.

Julanov M., Turebekov O., Khizat S., Omarbekova G., Shmanov G.

DIAGNOSIS OF OVARIAN CYSTS IN MARES

Annotation

The article presents data on the prevalence of ovarian cysts in infertile mares (42.8%). The authors of the article point out that one of the reasons for infertility in mares is the pathology of

the ovaries. To diagnose this pathology, ultrasound examinations were carried out at mares. The photographs of ultrasound examination are presented and the morphological features of various cysts are described. Based on the results of the study, opinions were given.

Keywords: ovaries, cyst, mare, ultrasound.

UDC 616.981.42.63.662

Ilgekbayeva G.D., Sagynbek A.A., Belgibay T.

Kazakh National Agrarian University

SOME STATISTICAL INDICATORS OF EPIZOOTIC PROCESS OF BOVINE BRUCELLOSIS IN MERKE RAYON OF ZHAMBYL OBLAST

Abstract

The epizootic situation of brucellosis in cattle of the Merke rayon of Zhambyl oblast in 2013-2016 was studied. The following statistical indicators were analysed: prevalence rate, incidence rate, representative indicator. We conducted certification of the rayons across all rural districts and farms.

Incidence rate was high in the spring and lower in autumn, which indicates that, its decline is achieved under favourable conditions and effective interventions and vice versa. In 2013-2015 years, in the rayon, the conditions were unfavourable and the anti-epizootic measures were not carried out expediently. In 2016, measures taken have shown their effectiveness and as a result the level of the representative indicator has sharply decreased.

Keywords: bovine brucellosis, statistical indicators, epizootic process, incidence rate and prevalence rate.

Introduction

Animal brucellosis in Kazakhstan is still widespread, stable and along with economic costs, causes a health risk and social harm. Control measures are one of the main problems in the field of veterinary and public health, while huge amounts of money and labour are being spent, but the costs are not very good. This is due to the shortcomings of disease control and the incompatibility of the individual components of these measures and the inadequacy of their compliance with the current socio-economic situation.

Seven republics of the former Soviet Union are now among the 25 countries with the highest incidence of brucellosis in humans. Brucellosis is endemic in all the countries of Central Asia and Eastern Europe, and the national authorities of these countries are trying to combat this disease for many years [1].

In Central Asia, rates tend to be 10 times higher, thus having triple digits. Registered cases among people fluctuate between 116 in Kazakhstan and 362 in Kyrgyzstan.

A World Bank study (not published in 2011), the total return on investment in the brucellosis control measures was evaluated by the net present value of 44.6 million USD in Kazakhstan, 55.1 million in the Kyrgyz Republic, 17.3 in Tajikistan and 18.3 million in Uzbekistan. Strategies for controlling brucellosis in large ruminants are less effective. Serological studies and slaughter of the positively reacting animals are not always cost effective in control measures against brucellosis in cattle or in its elimination. The reasons for the lack of progress in each country require careful analysis.

Monitoring program for large ruminants in the first place based on test- and- slaughter policy in those countries that have capable and adequately resourced national veterinary services. Brucellosis seroprevalence in large ruminants are not adequately controlled or if recent surveys are statistically valid, static over the last 10 years or more. Several countries (Azerbaijan,